

Республикасы Үкіметінің "Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді валюталық мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 4 қыркүйектегі N 1139 P011139_ және "Ұшу-сынақ полигондары мен "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан аумақтардың халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу туралы" P020558_ 2002 жылғы 23 мамырдағы қаулыларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

6 "Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобының 2 "Әлеуметтік көмек" ішкі функциясындағы 258 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы" бағдарлама әкімшісі бойынша:

030 "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бағдарламасы мынадай мазмұндағы 033-кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"033 Халықты жұмыспен қамту саласындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар";

мынадай мазмұндағы 047-бағдарламамен толықтырылсын:

"047 Ұшу-сынақ полигондары мен "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан аумақтардың халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" функционалдық тобында 5 "Қоршаған ортаны қорғау" кіші функциясы мынадай мазмұндағы 256-бағдарлама әкімшісі, 003-кіші бағдарламасы бар 002-бағдарламамен және, 016, 023, 025, 070, 097-бағдарламалармен толықтырылсын:

"256 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі атқарушы органы

002 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар

003 Жергілікті органдардың аппараттары

016 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

023 Өкілеттік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

025 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге

де күтпеген шығыстар үшін облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен іс-шаралар өткізу

070 Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі атқарушы органдардың материалдық-техникалық базасын нығайту

097 Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау";

16 "Қаржыландыру" функционалдық тобының 2 "Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы операциялар" ішкі функциясы мынадай мазмұндағы 260-бағдарлама әкімшісі 034-бағдарламамен толықтырылсын:

"260 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қаржы атқарушы органы

034 Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын сатып алу".

2. Заң қызметі департаменті (Н.А.Қалиева) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б.Т.Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрдің орынбасары -

Қаржы министрі